

Етіс сөзжасамы

Етіс – тілдік жүйеде ең алдымен іс-әрекеттің қимыл иесіне (субъектіге) қатынасын білдіретін етістіктің лексика-грамматикалық категориясы. Етіс осы амал-әрекетке субъектінің қатысу дәрежесіне қарай бірнеше семантикалық топқа бөлінеді. Әр етіс түрін жасайтын арнайы тұлғалары бар. Олар: өздік етіс жұрнақтары – *-ын, -ін, -н*; ортақ етіс жұрнақтары – *-ыс, -іс, -с*; өзгелік етіс жұрнақтары – *-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз; -дыр, -дір, -тыр, -тір; -т*; ырықсыз етіс жұрнақтары – *-ыл, -іл, -л* және *-ын, -ін, -н*. Алайда бұл жұрнақтар етістік түбіріне жалғанып, амал-әрекеттің орындалуындағы субъектіні айқындайтын грамматикалық қатынасты білдіреді. Мысалы, *жаз* етістігінен *хат жазылды* – ырықсыз етіс, мұндай іс-әрекетке субъектінің қатысы көрінбейді, *хат жазғызды* – іс-әрекет екінші бір адам (субъект) арқылы орындалады, *хат жазысты* – ортақ етіс, мұнда хат жазу әрекетіне екі не бірнеше адам бірге қатысады. Бұл қасиет – етіс категориясының негізгі грамматикалық қызметі. Кез келген етістікке немесе етістіктің бір тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық категорияларға қойылатын критерийлерге толық жауап береді. Осы себепті етістің парадималық түрлену жүйесі етістіктің жеке грамматикалық категориясын құрайды.

Сөзжасам қосымшалары сөзге жалғанғанда, оны (сол сөзді) өзгертіп жіберетіндіктен, жаңа мағыналы (лексикалық мағыналы) сөз тудыратындықтан (сөйтіп, тілдің грамматикалық құрылысын емес, сөздік құрамын байытатындықтан), жаңа лексикалық мағыналы сөздің жалпы грамматикалық мағынасы да, грамматикалық сипаты да өзгереді, сөйтіп, ол жаңа сөз сөйлемде басқаша грамматикалық байланыстарға түсіп, өзгеше қарым-қатынастарды білдіріп, жаңаша қызмет атқарады. Егер етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары болса, біріншіден, ол грамматикалық сипаты бар тілдік құбылыс болмай, яғни сөздердің белгілі бір грамматикалық тобының (сөз табының, яғни етістіктің) тұлғалық көрсеткіші болмай, етістіктің шеңберінде ғана қалып қоймай, екіншіден, парадигмалық сипаты болмай, категориялық мәнді білдірмей, басқа да толып жатқан сөзжасам қосымшаларының бірі болып қала берер еді.

Десек, те етіс тұлғаларының жалғануы арқылы жасалған тілімізде туынды етістік сөздер де кездеседі. Мысалы, *жарысу, табысу, жылыну, өтіну, айттыру, асыру* т.б. Алайда бұндай етіс тұлғалы туынды етістіктер етіс жұрнақтарының сөзжасамдық қызметі (синтетикалық тәсіл) арқылы жасалмаған. *Көйлегі өзіне кел-іс-ін* (жара-с-ып) тұр. *Келе жұмысына кір-іс-ті* тәрізділерде *-с* жұрнақтылар – етістіктерге үстеліп тұрғанмен, ортақ етіс мәнінде емес.

Етіс тұлғалары тілімізде әуел баста іс-әрекеттің субъектіге қатынасын білдіру үшін қолданылатын грамматикалық тұлғалық көрсеткіш болған. Осы грамматикалық қатынасты білдіруде кейбір сөздерге үнемі жалғана келе, конверсияланып, түбірге сіңісіп, амал-әрекетке субъектінің қатынасын тікелей білдіру үшін жұмсалмай, дербес қимылды атайтын туынды түбір

етістікке айналып кеткен. Бұл транспозициялық ауысуға сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі қатысқан, яғни вербалдану процесі жүрген.

Тілімізде осылай сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер баршылық.

Ортақ етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер: *кірісу, болысу, табысу, келісу, жарасу, қабысу, жанасу, төбелесу, ұрысу* т.б.

Өзгелік етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер: *айттыру (қызды айттыру), қарату (дәрігерге қарату), көрсету, өткізу (тауарды өткізу), жарату (ақшаны жарату, атты жарату), оқыту (баланы оқыту), тамызу (тамшы тамызу), емізу, аудару, ағызу (ағыза жөнелді), өлтіру, толтыру, көндіру, ұшыру, көшіру, жүргізу (мәшине жүргізу), пісіру, түсіру (суретке түсіру), өшіру, өндіру* т.б.

Ырықсыз етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер: *жөнелу, жазылу (аурудан жазылу), бүгілу, асылу, қаралу, табылу, құрылу, бұрылу* т.б.

Өздік етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер: *жылыну, өтіну, мақтану, жуыну, киіну, шайыну, тазалану, аттану, бояну, тарану, табыну, көріну* т.б.

Үстемеленіп жалғанған күрделі етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер: *соғыстыру, шатастыру, қиыстыру, татуластыру, араздастыру, төбелестіру* т.б.

Етіс тұлғалары арқылы жасалған күрделі сөздер, яғни тұрақты тіркестер: *назар аудару, қара аспанды төндіру, келін түсіру, қыз ұзату, ат шаптыру* т.б.

Жоғарыда берілген етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер мағыналық жағынан біртұтас ұғымды білдіретін түбір етістіктер болғанмен, олардың морфемдік аражігі анық байқалып тұрады. Сондықтан бұл туынды етістіктердегі түбір мен етіс тұлғасын анық ажыратып көрсете аламыз. Мысалы, *айтысу, табысу* етістігінің түбірлері – *айт, тап* сөздері, *-ыс* жұрнағы – ортақ етіс жұрнағы. Алайда бұл сөздердің жасалуына *-ыс* ортақ етіс жұрнағы қатысқанмен, сөзжасамдық тәсілі – синтетикалық тәсіл емес, яғни ортақ етіс жұрнағының сөзжасамдық қабілетінен емес, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілінің, яғни лексикалану, конверсия тәсілінің күштіліген жаңа сөз жасалып, сөзжасамдық процесс жүрген.

Тілімізде осы сөзжасамдық тәсілмен (лексика-семантикалық) жасалған тарихи түбірлер де аз емес. Қазіргі кезде түбір және қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазір әрқайсысы жеке-жеке сөз, лексема деп қаралатын *оян* мен *оят*, *үйрен* мен *үйрет*, *жұбан* мен *жұбат*, *уан* мен *уат* сияқты жеке-жеке параллель сөздердің тілімізден орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек. Мәселен, *жанды* дегенмен *жақты* (отты жақты) деген етістіктер өлі түбірлестер, *жақ* сөзіндегі *-қ* – өзгелік етіс мәнді өлі жұрнақ. Қазіргі кезде *жақ* пен *жан* етістіктерінің құрамы түбір мен қосымшаға бөлініп қаралмайды.

Осы тарихи сөзжасамдық процесс сияқты жоғарыда берілген етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер де қазіргі кезде іс-әрекеттің субъектіге

қатынасын білдіруден гөрі, жеке дара дербес қимылды білдіретін түбір сөздерге (қимылға) айналып барады. Жоғарыда берілген сөздер (солар сияқты басқа да етіс тұлғалы туынды түбір етістіктер) сол себепті түсіндірме сөздіктер сөзтізбесінде жеке сөз ретінде беріледі. Ал бұндай сөзжасамдық дәрежеге жетпеген етіс тұлғалы етістіктер жеке қимыл мәнді сөз болмайтындықтан, олардың бәрін бірдей түсіндірме сөздіктерге жеке лексема ретінде енгізу дұрыс болмайды. Мысалы, *жазғыз, жаздыр, жазыс* сияқты етіс тұлғалы етістіктер – туынды сөз емес, сондықтан да дербес лексема ретінде реестрлік қатар құрамайды.

Сөз жоқ, етіс жұрнақтары семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын. Кейбір түрлері жаңа сөз жасап, етіс қосымшалы етістік негізгі сөздік құрамнан жеке лексикалық единица ретінде орын алған. Мысалы, *таң асыру, қызды айттыру, бір көрген біліс, екі көрген таныс, үйге кіріп жылынды, үйді жылытты, рұқсат беруді өтінді, бұған екеуі де келісті, екі дауға келгенде ол маған болысады, оқуға берілді, ауруынан жазылды, олар бәрібір табысады* т.б. қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған туынды түбір, негізгі түбірден туған жаңа мағыналы сөздер болып табылады: *ас, айт, жылы* түбірлерден *-ыр, -тыр, -т* өзгелік етіс қосымшасы арқылы, *біл, таны, кел* түбірлерден *-ыс, -іс, -с* ортақ етіс қосымшасы арқылы, *жылы, от* түбірлерден *-н, -ін* өздік етіс қосымшалары арқылы, *бат, жаз* түбірлерден *-іл, -ыл* ырықсыз қосымшалары арқылы жаңа мағыналы сөз жасалған.

Қысқасы, етіс – амал-әрекетке қимыл иесінің қатынасын білдіретін, белгілі тұлғалар жүйесі бар етістіктің лексика-грамматикалық категориясы, ал етіс тұлғалары кейбір етістік түбірлеріне жалғанып, басында амал-әрекетке қимыл иесінің қатынасын білдіретін грамматикалық мағына үстегенмен, кейін келе семантикалық мағына даму процесінде сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы туынды түбір етістіктер жасаған. Бұл процесс етіс тұлғаларының (етіс тұлғалы етістіктердің) тарихи-семантикалық даму динамикасымен біте қайнасып жатыр.